**Ақмола облыстық мәслихатының 2009 жылғы 17 маусымдағы № 4С-15-6 "Ақмола облысы жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Ақмола облыстық мәслихатының 2015 жылғы 30 қыркүйектегі № 5С-41-11 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 4 қарашада № 5034 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.
Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 487-бабына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су Кодексінің 38-бабына , «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына сәйкес Ақмола облыстық маслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ақмола облыстық мәслихатының «Ақмола облысы жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы» 2009 жылғы 17 маусымдағы № 4С-15-6 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3325 тіркелген, 2009 жылдың 1 тамызында «Арқа ажары» және « Акмолинская правда» газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін: көрсетілген шешімнің қосымшасында:

5-жолы «Балық шаруашылығы, су көздерінен балық аулаушы тұтынушылар» алынып тасталсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақмола облыстық мәслихаты сессиясының төрағасы Ж.Камелиденов*

*Ақмола облыстық мәслихатының хатшысы Д.Нұрмолдин*

«КЕЛІСІЛДІ»

*Ақмола облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Е.Хасенов*

*30.09.2015*

*«Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Р.Әубәкіров*
*30.09.2015*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК